

Мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 223 "Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 116 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 84 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 30.11.2023 № 84 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жітіқара аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 223 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4805 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшаларында:

"Мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 223 шешімімен бекітілген", "Мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 223 шешіміне қосымша" сөздері "Мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 223 шешіміне 1-қосымша" және "Мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 223 шешіміне 2-қосымша" сөздерімен ауыстырылсын;

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара аудандық мәслихатының хатшысы

А. Кабиев

Мәслихаттың
2022 жылғы 25 қаңтардағы
№ 116 шешіміне
1-қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 23 сәуірдегі
№ 223 шешіміне
1-қосымша

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Большевик ауылдық округінің ауылдар тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауылдық округінің тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Большевик ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Большевик ауылдық округінің әкімімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, көше шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді Большевик ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Большевик ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Большевик ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудан мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Большевик ауылдық округінің әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың
2022 жылғы 25 қаңтардағы
№ 116 шешіміне
2-қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 23 сәуірдегі
№ 223 шешіміне
2-қосымша

Қостанай облысы Жітіқара ауданы Большевик ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Большевик ауылдық округінің елді мекенінің, көшелерінің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
1	Тургенов ауылы	22
2	Комсомольская көшесі	3
3	Мира көшесі	3
4	Целинная көшесі	3
5	А. Иманова көшесі	1
6	Набережная көшесі	3
7	Спортивная көшесі	1
8	Строительная көшесі	2
9	ПМК көшесі	1
10	Байтурсынова көшесі	3
11	Абая көшесі	2
12	Құсақан ауылы	5
13	Центральная көшесі	2
14	Элеваторная көшесі	1
15	Новостройка көшесі	2
16	Қазірет ауылы	3
17	Тасыбай ауылы	3
18	Шевченковка ауылы	6
19	Набережная көшесі	1
20	Джамбула көшесі	1
21	Шевченко көшесі	1
22	Советская көшесі	1
23	Молодежная көшесі	1
24	Симакова көшесі	1
	Барлығы	39

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК